

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 301 (2015), 292 – 296

## **Letters of Golden Horde khans: epistolary genre and the research problems**

**O. Tuyakbayev, O. Sapashov**  
otuyak\_76@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental studies, Chair of TURKSOY. Almaty, Kazakhstan.

**Key words:** Epistolary genre, Yarlıq of Khans, Golden Horde, Turkish language, linguistics.

**Abstract.** The article reveals actual aspects of complex studying of XV-XVI c.c. epistolary texts and epistolary narratives in the contexts of documents. Our target task is determining the yarlıq's macrostructure analyzing the epistolary genre. This aspect of macrostructure is directly relevant to the larger question: who is the author of Yarlıqs, Khan or writer as bitikshi, bakhshi or munshi? Epistolary genre is mostly apparent in the letter of Toqtamis to King of Poland W. Jogaila (1393), yarlıq of Temir Qutluq (1397), letter of Ulug Muhammad to sultan of the Ottoman Empire Murad II (1428) and letter of Mahmud sultan to Mehmet Fatih Sultan (1466). Most of the khanate documents use Turkic literature language rather than following the normal language of epistolary discourse, but other aspects of the khanate documents reflect that genre as well, when documents mention the author and both the recipients, and the opening greeting in revelation is a customary epistolary salutation. While the Yarlıq has been associated with a genre of literature that took the form of elaborate epistles, it can also connote didactic texts composed for regular scribes and styles on matters of political and bureaucratic procedure.

ӘОЖ 94(574).02/08:821.512.1

### **Алтын Орда хандарының хаттары: эпистолярлық жанры және зерттеу мәселелері**

**Ө. Тұяқбайев, О. Сапашев**  
otuyak\_76@mail.ru

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Турікской кафедрасы. Алматы,  
Қазақстан

**Тірек сөздер:** эпистолярлық жанр, хан жарлықтары, Алтын Орда, түрік тілі, лингвистика

**Аннотация:** Алтын Орда хандарының хаттарында хаттың басталу, аяқталу, баяндау дәстүрі, құрылымы толық қалыптаскан. Түрік тілі ресми құжат тілі ретінде орнылған. Хан хаттарының негізгі мазмұны нақты бұйрықтардан, өтініштерден, талаптар мен шешімдерден тұрады. Ортағасырлық түрік тіліндегі бұл жазба мұраларда эпистолярлық тілдің барлық ерекшеліктері көрініс табады.

Макалада Алтын Орда кезеңіндегі хан хаттары мен жарлықтары эпистолярлық мұра ретінде қарастырылады. Бұл құжаттардың эпистолярлық стилін, мазмұнын, тақырыптық ауқымын, жазылу түрі мен тілдік өзгешеліктерін өзара салыстырмалы түрде қарастырудың ғылыми маңыздылығы талқыланады.

Хан хаттары мен жарлықтарына текстологиялық, палеографиялық, дипломатиялық талдаулар, т.с.с. арнайы зерттеулер XIX ғ. бірінші жартысында-ак басталды. Арнайы зерттеулер И.Н. Березин, В.В. Григорьев, В.В. Радлов, Н.И. Веселовский, А.А. Бобровников, А.Н. Самойлович, М.Д. Приселков және т.б. бірнеше ғалымдар тарарапынан жүргізілді. Әсіреле, XX ғ. екінші жартысында бұл саладағы нәтижелі деректанулық зерттеулер бірін-бірі толықтырып, хан жарлықтарында козғалған мәселелер, ондағы тілдік, құжаттық үдерістер айттарлықтай деңгейде талқыланды. Ә. Марғұлан, М.А. Усманов, А.П. Григорьев, И. Вашири, Ф.В. Кливз, Т.И. Султанов, А.М. Ибатов, З.К. Картова еңбектерінде хан жарлықтарының қалыптасуы әр түрлі концептуалдық тұрғыдан қаралды. Алтын Орда кезеңіндегі құжат тілінің Орыс патшалығының іс-қағаз жүргізу ісіндегі әсерін көрсеткен Ф.М. Хисамова, А.Х. Маннапова еңбектері, монғол тілі мен түрік тілінің өзара қатынасын зерттеген Д.Кара, А.Ш. Қадырбаев, Б.З. Базарова еңбектері де хан жарлықтарының зерттелу ауқымын көнектітті.

Алтын Орда кезеңіндегі құжаттарға зерттеушілердің қызығушылығы артуының басты себебінің бірі – хан хаттары мен жарлықтары – ресми актілі іс құжаттар. Хан хаттарының лексика-фразеологиялық құрамында көбінесе саяси-дипломатиялық сипаттағы сөздер, әскери-әкімшілік

терминдер жи ұшырасады. Ол ортағасырлық заң құжаттары жинағы ретінде де, мемлекеттің жүйесінен, әлеуметтік құрылымнан мол мәлімет беретін тарихи дерек ретінде де бағалы. Ғалымдардың қызығушылығы нәтижесінде түрлі елдердің архивтерінен әлі де тын деректер табылып, олардың саны артып келеді. Откен ғасырдың 70-жылдары ғалымдарға Жошы Ұлысы хандарының XVI ғ. дейінгі 8 ғана хан жарлығы белгілі болса, бүгінде оның саны 60 дейін артты [1, б. 8]. Алайда, олардың басым бөлігі орыс, француз, латын, т.б. тілдердегі аударма нұсқасында. Түпнұсқасында сакталғаны саусақпен санарлық.

Аударма құжаттың тілі, құрылымы түпнұсқада сакталғандармен қаншалықты жақын деген мәселеде әуелі, түпнұсқа құжаттардың тілін, негізгі құрылымын қарастыру орынды. Бұл құжаттардың тілдік ерекшелігі әр кезеңде қаншалықты өзгерістерге ұшырады деген сұрапқа да лингвистикалық, стилистикалық зерттеулер жауап берсе керек. Ал құрылымдық өзгешеліктерін дипломатиялық зерттеулер анықтайды.

XIV ғасырдағы хан жарлықтарының тілін зерттеген ғалым – А. Ибатов Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба муралар жалпы түркі халықтарының тарихын, мәденистін, тілін зерттеп тануда ерекше орын алатынын атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, ұлттық тіл дәрежесіне жеткен бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілі топтарының құрамындағы түркі туыстас тілдерінің бәріне ортақ тіл XI ғ. бастап қалыптасып, XV-XVI ғғ. дейін, яғни халықтық тілдердің қалыптасуына дейін жалғасқан [2, б. 5]. Алайда, бұл пікірге бірқатар түркітанушы ғалымдардың пікірі келісіп жатса, енді бірінікі қайшы келеді. Мысалы, А. Самойлович XII-XIV ғғ. Сырдарияның төмөнгі жағы мен Хорезм, Алтын Орда жерлерінде әдеби тіл әбден қалыптасып болмаған «аралық кезен» (промежуточное звено) деп санаса, [3, б.15], Э. Наджип XIV ғ. Алтын Ордада аралас әдеби тіл қалыптасқан деп санайды [4, б. 88]. А. Зайончковский: «XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» - деп, Алтын Орда кезеңінде бір әдеби тілдің қалыптасқаның кесіп айтады [5, б. 93]. Ғалымдардың пікірлері бұндай әркілі болуының себебі – Алтын Орда кезеңіндегі жазба мұралардың аралас тілді болып келуі, олардың тілінде әр түрлі тілдік элементтердің қатар қолданылуы болды.

Түркі жүртіңін ортақ тілін нақтылауда хан хаттары ең сенімді дерек бола алады. Олай дейтініміз, хат – көнеден бүгінгі таңға дейін әлеуметтік жағынан алғанда мәдени және тарихи мәні зор жазба тіл мен ауызекі тілдің ежелгі формаларының бірі саналады. Хаттарда әдеби тіл қалыптасуының негізгі үрдістері мен жазба түрлерінің, оның ішінде эпистолярлық стильдің эволюциялық үрдістері көрініс береді. Хан жарлықтарына тарихи-лингвистикалық зерттеулер жүргізу бірқатар сұраптардың бетін ашатыны мәлім. Сондықтан, хан хаттарын зерттеп тану, стилін, мәтін құрылымын стильдік тұрғыдан қарастыру, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық т.б. ерекшеліктерін зерттеу - бүгінгі күннің өзекті мәселеі болып қала бермек.

Құжаттардың құрылымдық-композициялық, тілдік-стилистикалық ерекшеліктерін саралауда эпистолярлық жанрын қарастырудың мәні зор. Оны маңыздылығы мынадай мәселелерде көрінеді:

- құжаттардағы кітаби, реєсми тіл мен ауызекі тілдің араласу жағдайын бақылауда;
- құжаттардағы лексемалардың, тілдік бірліктердің қолдану аясын анықтауда;
- құжаттардың тақырыптық, стилистикалық диапазонын нақтылауда;
- құжаттардың дәстүрлі құрылымы мен әр кезеңдегі өзіндік өзгешеліктерін айқындауда;
- хат мәтініне әсер еткен экстралингвистикалық белгілерін анықтауда.

Көптеген ғалымдар енбегінде хаттың эпистолярлық феноменін теоретикалық нақтылауда «Эпистолярлық стиль», «Эпистолярлық әдебиет», «Эпистолярлық жанр», «Эпистолярлық мәтін», т.с.с. терминдерді кездестіреміз. Алайда, бұл терминдердің дефинитивтік ұғымы әлі де болса ғылыми тұрғыда нақтылана қойған жоқ. Жалпы, Эпистолярия сөзінің түбірі – гректің «epistole», яғни «хат» деген сөзінен шығатыны мәлім. Демек, «Эпистолярлық» деген сөзден «хатқа тән»; «хат түрінде жазылған»; «хаттан тұратын» деген ұғымдарды түсінуге болады. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады» - деп жазылған [6, б. 453].

Эпистолярлық жазба тілін зерттеген ғалымдардың анықтауынша мынадай стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар:

- адресант (хат жазушы) пен адресаттың (хат алушы) болуы;
- ойдың, іс-қимылдың бірінші жақтан (көпші немесе жекеше түрде) баяндалауы,
- реєсми стилемен қатар қарастырылып келген эпистолярлық стильдің мазмұны, көлемі, жазылу түрі жағынан өзгешеленуі;
- белгілі бір қалыптасқан ұлғіде, құрылымда баяндалып жазылуы;

- лексика-фразеологиялық құрамы (әкімшілік терминдер, тұрақты тіркестер, т.б.) өзгеше болып келуі;

- ойдың логикалық жүйелігін сактау мақсатымен сөйлемнің күрделі құрылуды;

- эмоционалдық сөздер мен бейнелеудің аз, тіпті мүлде қолданылмауы [7].

Хан жарлықтарында адресант пен адресат нақты көрсетіледі, ой, іс-қымыл бірінші жақтан (көпше немесе жекеше түрде) баяндалады, ондағы нақты талаптар, бұйрықтар, өтініштер, шешімдер белгілі бір қалыптасқан үлгіде, құрылымда баяндалады, эмоционалдық сөздер мен әдеби бейнелеулер аз қолданылады. Бұл хан жарлықтарында эпистолярлық тілдің ерекшеліктері мол екенін көрсетеді. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген бірқатар ерекшеліктері мен хан хаттарының құрылымына жеке-жеке тоқтала кетейік.

Алтынордалық құжаттардың кіріспе бөлімі (*invocatio*) көп жағдайда Құдайға мадак айту, бабаларды ұтықтаудан басталады және ол әр кезеңде әр қандай болған. Мысалы, Алтын Орданың ханы Өзбек ханың (1313-1342), Келдібек ханың (1361) пайзысында және «Нар мойны Бердібекте кесілген» дүрбелең жылдары (1359-1379) билік құрган Абдулла ханың (1360/61-1370) пайзысында «Möngke Tangri-yin kүcün-dür» (Мәнгі Тәнірінің күші-дүр) деген Шыңғыс хан тұсынан белгілі дәстүрлі сөз тіркесін көрсек [8], кейінгі Алтын Орданың құлдырау кезінде билікке келген Ұлық Мұхаммед (1424-1437) пен Махмуд ханың (1459-1465) хатында Жаратушыны мадақтаудың мұсылмандық және түркілік дәстүр арасындағы үлгіні көреміз [9, б. 8]; «هُوَ بِالْفَوْتُ الْأَحْدِيَّةِ وَبِالْمَعْجَزَاتِ الْمُحَمَّدِيَّةِ» «Ол бір (Алланың) күшімен және Мұхаммедтің көрметімен (бастаймын)» [10, б. 38]. Токтамыс (1379-1395), Темір Құтлық ханың (1395-1399) хаты мен жарлығында инвокация мүлде жоқ. Соған қарағанда, инвокация құжаттың табиғатына, ханың шешіміне қарай жазылатын бөлім болғанға ұқсайды.

Алтын Орда кенсесінің хаттарында *intitulatio*, *inscriptio* (адресант пен адресат) еki үлгіде: монгол-түрік және османдық немесе мұсылмандық үлгісінде көрсетіледі. XIV ғ. хаттарында: «Toqtamış söz-üm, Yaayal-a-ya» (*Toqtamys сөзім, Ягайлого*) [11]; «Temir Qutluq söz-üm oj qol sol qolnij oylanlariga ...» («Темір Құтлық сөзім, он қол, сол қолдың оғландарына...») [12]; «محمد دین غازی مرادقا» («Мұхаммедтің Fazı Mұratқа») [13, б. 8] деп, адресант пен адресатты қысқа кайыру орын алады. Алтын Орданың кейінгі кезеңдерінде билік құрган хан хаттарында: «سرور سلطانين بعنابة رب العالمين سلطان اعظم محمد غازى غا» («Әлем Раббысының көмегімен сұлтандар көсемі, Ұлық Сұлтан Мұхаммед Fazыға») [14, б. 38]; «خواندار اعظم قرداشيم سلطان محمد كمار» «Құдайына қараган ұлық қамқор қарындасым Сұлтан Mұхаммедке») [15, б. 48] сияқты адресант пен адресатты көрсетудің жаңа үлгілерін көреміз.

Монгол-түрік үлгідегі хаттарда адресант пен адресаттың аты ғана аталады. Адресаттың хан атағы, лауазымы, беделі, орны көрсетілмейді, оған мақтау, дәрежесіне лайықты көтерме сөздер, тенеулер қолданылмайды. Бұндай хаттардың тілі ресми тіл стилімен ерекшеленсе, кейінгі осман-мұсылмандық үлгіге жақын хаттарда көрініште құбылыс байқалады. Адресатқа «сұлтандар көсемі», «араб-ажсам сұлтандарының сұлтаны», «үмбеттің билеуші патшасы» т.с. кітаби тіл үлгісіндегі мақтаулар, көркем сипаттаулар, тенеулер қолданылады. Эпистолярлық мәтіндегі бұл сөздер хатты ресми стильден ерекшелеп, көркем әдеби стиліне жақындалады.

Монгол-түрік дәстүрінде жазылған хаттарда адресант пен адресат көрсетуде белгілі бір үлгі барын көреміз; алдымен құжаттың кімнен екені, кейін кімге берілгені көрсетіледі (*Toqtamys сөзім, Ягайлого, Mұхаммедтің Fazı Mұratқа*). Ал, османдық немесе мұсылмандық үлгідегі хаттарда тек адресат қана көрсетілген. Бұдан монгол-түрік үлгісіндегі хаттарда Алтын Орда хандары өз беделін, орнын жоғары қоятының анғаруға болады. Ал, Алтын Орданың құлдырау шағында билік құрган Махмуд хан мен Ахмад ханың хаттарында ол үрдіс байқалмайды.

Бұдан байқайтынымыз, мемлекеттің саяси-дипломатиялық және экономикалық жағдайы, әскери қауқары хан кенсесінің тіліне әсер еткен. Хат мәтіндерінің құрылышы, жазылу мәнері саяси-қоғамдық өзгеріспен тығыз байланысты болғандай әсер қалдырады.

Сәлемдесу, амандық-саулық сұрау белімінде де (*sahitat*) алтынордалық хаттарда жоғарыдағыдан еki үлгіні көруге болады: «محمد دین غازی مرادقا سلام» (*Mұхаммедтің Fazı Mұratқа салем!*) [16, б. 8] және «بعد از عرض محبة الأخوة و تبلغ تنفيذ التجية» (*Махаббат пен бауырмалдық көңілімізді білдіріп, ыстық салемізді жеткізген соң...*) [17, б. 48].

Алтынордалық хаттарда сәлемдесудің өзіндік реті бар. Накты бұйрыққа, талапқа құрылған хат мәтінінде амандық-саулық сұрау (*salutatio*) болмайды. Мысалы, Тоқтамыс хатында Ягайлодан «biz-ge baqar el-ler-niј շіqis-lariј қарарub, baryan elci-ler-ge bergil qasina-ya tegürs-ün-ler» («Бізге бағынатын елдердің салық-шығыстарын шыгарып, барған елишілерге беріңдер, қазынага жеткізсін!») [18] деп,

салықты мезгілінде жинап беруді талап етеді. Демек, бұндай құжаттарда ханның сұсын көрсету мақсатында адресатқа карсы ешқандай жылы лебіз білдірілмейді. Ал, Ұлық Мұхаммед (1420-1445), Махмуд (1459-1465), Ахмад хан (1465-1481) хаттарында бұйрық жоқ, өтініш, ұсыныс басым. Олардың хаттарында Осман империясымен «бұйрынғы жақсылардың жосыныша елші алмасып», сауда-саттықты ортағи «ортағи» жақсылардың жосыныша елші алмасып», сауда-саттықты жаңдандыру, достық-қарым-қатынасты жақсарту сөз болады. Махмуд ханның тілімен айтсақ, «*«بَخْشِي لَارِيمِيز يُوسُونُجَا إِيلِچِي كَلَّاچِي لَارِيمِيز كَيْلِيشِيب بازِرَكَان ارْغِيْشِلَارِيمِيز بَورُوشُوب ايسانلَيْك توكَال لِيكَنِي بِيلِيشَا تُورساق بولغاي مو*» «аруагы жақсыларымыз жосынышиа елшілеріміз келісіп, базарши *сауда-герлеріміз жүрісіп, есендіктеріміз білісіп тұрсақ болмаі ма?*» [19, б. 38] деген өтініш жасалады. Демек, Алтын Орда хандары хаттарында мудделік танылса, соған сай салютация орын алған.

Алтынордалық хан хаттарында көтерілетін негізгі ой, мақсат, ұсыныс (*notificatio, narratio*) бірден айтылмайды. Алдымен соған катысты хабарлама жасалады, мән-жай баяндалады, себеп түсіндіріледі. Мысалы, Токтамыс Ягайлого елші жіберу мақсатын түсіндірмес бұрын, бұйрығын жарияламас бұрын мән-жайды былай түсіндіреді: «*عَلَيْكَ تَأْكِيدًا أَتَوْرَكَان بِالْمُؤْمِنِيْكَ بِالْمُؤْمِنِيْكَ*» «*Ұлық таққа отырган билігімді аңғартып білдіру үшін Құтты Бұқа, Хасан бастаған елшілерді жіберген едік. Сен (де) тағы елші-тілшінді бізге жіберген едің. Бұрынғы жылы Бекболат, Қожамедин бастаған бірнеше оғлан-бекзадалар Бекіш, Тұрдұشاқ, Берді, Дәуіт бастаған бектер Едіге атты кісіні Темірге алдын ала (астыртын) шығарып жесіріпти. Ол тіл тіл-хабарымен келген екен. Олардың ала ботен қоңілі жайында және тыңышы енгізіп, ел шекараларына жетеп келгендей білініп, ел жиналатын соғыстақшы болып тұрғанда, ол жаман кіслер бұрынырақ сезіктенгендейдікten, ел соғысқан еді, ол істіп соңы тағы сол кездерде (солай) болған себебі сол еді. Тәңірі бізді жасарылқап дүшіпандық қылған Бекболат, Қожамедин, Бекіш, Тұрдұшақ, Берді, Дәуіт бастаған бектерді мұқаллтты. Енді бұл жасайтын түсіндіріп білдіру үшін Асан, Тұлұ, Қожа бастаған елшілерді жібердік» [20]. Сол сияқты, Темір Құттықтың Мұхаммед атты кісігে 1397 ж. жарлық беруінің себебі былай түсіндіріледі: «*عَلَيْكَ تُورَكَان بِالْمُؤْمِنِيْكَ*» «*Жарлық тұра тархандық жосынымен жүріп, атасы Қажы Байрам қожасын біздің хан агаларымыз сойырқап (ұсынды) Тархан қылған мәнін аңғартып өтініді*» [21, б. 27]. Жарлық беру мән-жайы баяндалғаннан кейін Мұхаммед оғландары иелігіне қандай жерлер берілгені хабарланады: «...бұл күнде ілгері Қырым мен Қырық Йердің төменінде Судақ атты кенттің айналасында бұрынғы заманнан бері мұтхаддір (қазірге дейін) тархан болған Индірчі саласы мен мәшиүр болған саласыдан бұрынғылардың жосынымен жер сулармен бірге Мұхаммедтің оғландары ілкі улкені – Мұхаммед және Махмұдқа азат тархан болсын» [22].*

Ал, Ұлық Мұхаммед, Махмуд, Ахмад хан хаттарында Осман империясымен екі жақты достық қарым-қатынас орнату мәселесі бұйрынғы Алтын Орда мен Осман империясы арасында калыптасқан сауда-саттық, саяси байланыстар тарихына қыска шолудан басталады: «*Бұрынғы хан агаларымыз (бен) Сіздің Рум уәллятының сұлтан атапарыңыз, агаларыңызбен елші алмасып, сый-сәлем алысып, базарши (сауда-гер) ортақ жүрісіп, жақсы барыс-келіс қылар еді, соңыра хан агамыз Тоқтамыс хан Сіздің ұлық бабаңыз Газы Баязид бек пен бұрынғы жақсы жосынышиа елші алмасып сый-сәлем етісіп, екеуі тағы достық жақсылықпен Тәңірі рахымына бардылар*», немесе «... біздің ұзақы (бұрынғы) бабаларымыз бен Сіздің бұрынғы жақсыларыңыздың елшісі келісіп, сауда-герлер керуені (арада) жүрісіп, болек сый-сияпташ етісіп, есендіктерін, түгелдіктерін білісіп, достық қарындастықпен Тәңірі Тагаланың рақымына барды» [23, б. 38-48].

Алтын Орда хандарының хаттарында өткен ата-бабаларынан сөз қозғауы өздерінің Шыңғыс хан ұрпағы, Алтын Орда тағының заңды мирасқоры екендейгін күәландырудың, олардың дәрежесін, ішкі-сыртқы саясаттағы іс-әрекетін көрсету арқылы өз дәрежесін, дәл сондай құқыққа өзі де ие екенін баяндаудың бір жолы болған сияқты.

Ал хан хаттарындағы ұйғарым, шешім (*dispositio*) екі түрде: бірі, экспрессивтік-эмоционалдық ренкі бар бұйрық райда («*Қазынага жеткізілсін!*»; «*Ұлық Ұлыстың тұрыс-жасадайтына тағы да жақсы сый-сияпта болсын!*»; «*Кім еш табынбаса, ол жойылсын, олтірілсін!*», «*Жерінен... кім болса да қол сұқрапасын!*», «*Салық борыш, хараджे алмасын!*»), енді бірі, инверсияға құралған өтініш қүйінде («*Бұрынғы жақсыларымыз жосынышиа келді-берісті арамызда елші алмасып, сәлем-сыйлық етісіп, базарши ортақтарымыз жүріссе*»; «...есен-түгелдіктерін білісіп тұрсақ»; «...біздің арамызда ағайындықты арттыруға негізделсе, ол істің тездеметуіне дайын болуга машыл болсаңыз»; т.м.) беріледі.

Алтынордалық хаттардың графикалық жазуына қарай өзіндік ерекшелікке ие болатыны байқалады. Мысалы, көне ұйғыр жазуымен жазылған құжаттарында мынадай ерекшеліктер айқындалады:

- адресат (*intitulatio*) пен адресант (*inscriptio*) ешқандай ұлықтаусыз, мақтаусыз көрсетіледі;
- мәтін интитуляциямен (*intitulatio*) басталады;

- жағдаятты хабарлау (*notificatio*), баяндау (*narratio*) кезінде әдеби тілдің нормалары қолданылмайды, ресми ұстамды тілмен баяндалады;
- құжатта көрсетілетін шешім, талап қыска, әрі нұсқа баяндалады;
- құжат әшекейленбейді, ою-өрнекпен, түрлі-түсті бояумен көркемделемейді;
- мөр хан аты көрсетілген жерге соғылады;
- мөрдің соғылғаны (*cogorobatio*) және оның түсі (кызыл, алтын, қара) құжатта жазбаша турде де көрсетіліп, расталады;
- құжаттың жазылған жері, күні, басқа да қыска мәліметтері (*datum*) соңында көрсетіледі;
- құжаттың жазылған уақыты жаңуарлар циклі бойынша түрікше жыл қайыруымен де мұсылмандық хиджра жыл санауымен де көрсетіледі.

Ал, XIV ғасырдан кейінгі араб графикасында жазылған құжаттарда мынадай өзгерістер байқалады:

- адресант (*intitulatio*) пен адресат (*inscriptio*) кітаби тіл үлгісінде мадакталады, дәрежесі ұлықталады;
- мәтін инскрипциямен (*inscriptio*) басталады;
- жағдаятты хабарлау (*notificatio*), баяндау (*narratio*) кезінде әдеби тілдің нормалары қолданылады;
- ойдың логикалық жүйелігін сақтау мақсатымен сөйлемдер құрылышы курделі болып келеді;
- діни лексемалар көп кездеседі;
- құжатта шешім, талаптан көрі етініш, ұсыныс басым болып келеді;
- мөрдің соғылғаны (*cogorobatio*) және оның түсі құжатта жазбаша турде көрсетілмейді, расталмайды.

Бұл екі ғасырга, XIV және XV ғғ. тән құжаттар арасында тілдік этикет формаларының стильдік жағынан да бір-бірінен айырмашылықтары бар. Алайда, бұл хаттардың эпистолярлық стилі ауызекі сөйлеу стиліне жақындығын қарапайым сөздердің жұмысалуы, субъектінің (ханның) тікелей көзкарасының берілтуі, сөйлем құрылышының ауызекі сөйлеу тіліне тән инверсияға құрылуы, т.б. ерекшеліктері ортақ екенін көреміз. Мысалы, «**سُبْرَلَا كِيشِي كَلَكَايِ بِيلَوْك نَجُوك بُولَدِي كَلَمَادِي سَرْنِينِك يَخْشِي**» «**اتکزَنْيِ امَانْ تُورْكَانْ لِيَكَنِي حاجِي مَلا بِيكَلَارَدِينْ بِلَدَوْك**» Сіздің сумен (*яғни, су жолымен*) кісі келер (саудагерлер) деп білдік, не болды келмеді. Сіздің жақсы атыңызды, аман тұрғаныңызды қажы, молла, бектерден білдік (*яғни, діни адамдар мен рееми өкілдер арқылы ғана хабар алып отырған*)» [24, б. 8] - деген түрікше сөз саптауында ауызекі сөйлеу стилі анық.

Жалпы, ғалымдар эпистолярлық жанрдың әр кезеңге тән табигатын қоғаммен тығыз байланысты қарастырады. Әлеуметтік жағдай, қоғамдағы өзгерістердің эпистолярлық жанрға, эпистолярлық жазба тілінің дамуына ықпал еткендегі жайлы айтады. Мысалы, Ғалым Н.И. Гайнуллина: «Эволюция эпистолярного жанра непосредственно связана с групповой дифференциацией общества, его сословным делением и общественно-политическими установками пишущего. И не последнее место в этом наборе причин занимает отдельная языковая личность, ее жизненная и общественная позиция, ее влияния на общий ход развития не только в обществе, но и в языке в целом» - деп жазады. [25, б. 428]

Корыта келе, Алтын Орда хандарының дипломатиялық хаттарын – эпистолярлық мұраның мол көзі деп сансақ болады. Оған әр кезеңдегі әлеуметтік жағдайлардың, экстралингвистикалық факторлардың әсері болып тұрған, хат жолдаушының дәрежесі эпистолярлық жанрға өзіндік ықпалын тигізіп отырған. Атальмыш мақалада қаралып отырған әр ғасырдың актілі құжаттардың лексикасы сол замандағы тілдік қолданыстардың үрдісінен хабар беретін тарихи дереккөздер екені анық.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Усманов М.А. Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды) от Калки до Астрахани 1223-1556. – Казань, 2001. – 428 с.
- [2] Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы, 1990. – 144 б.
- [3] Самойлович А.Н. К истории среднеазиатского турецкого языка. Сб. «Мир-Али-Шир». – Л., 1928.
- [4] Наджип Э.Н. О средневековых литературных традициях и смешанных письменных тюркских языках // «Советская тюркология», 1970. №1. – С. 86-97.
- [5] Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XIII-XV вв.) // «Вопросы языкоznания», 1967. №6. – С. 91-108.
- [6] Қазақ совет энциклопедиясы. – Т. 12. – Алматы, 1978. – 598 б.
- [7] Әбікенова Г.Т. Қазақ тіліндегі эпистолярлық стилдің лингвистикалық сипаты. – Семей, 2008. – 158 б.
- [8] 2012–2014 жж. Ғылыми зерттеудерді гранттық қаржыландыру бойынша 0354/ГФ «Жазба деректеріндегі далалық дипломатия көріністері (XIII–XVIII ғғ.)» ғылыми зерттеу жобасының актық есебі. – Алматы, 2014. Мем. тіркеу № 0112РК02682.

- [9] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [10] Бұл да сонда
- [11] Тоқтамыстың Польша королі Владислав II Ягеллога (20 мамыр 1393 ж.) жазған хатының қолжазбасы, Польша халықтық республикасының Коне актілер бас мұрагаты (Archiwum Główne Akt Dawnych), № 5612.
- [12] Алтын Орда ханы Темір Құтлықтың 1397 ж. суюргал құжаты. Қолжазба, Ресей мемлекеттік тарих мұражайы, инв. №118225.
- [13] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [14] Бұл да сонда
- [15] Бұл да сонда
- [16] Бұл да сонда
- [17] Бұл да сонда
- [18] Тоқтамыстың Польша королі Владислав II Ягеллога (20 мамыр 1393 ж.) жазған хатының қолжазбасы, Польша халықтық республикасының Коне актілер бас мұрагаты (Archiwum Główne Akt Dawnych), № 5612.
- [19] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [20] Тоқтамыстың Польша королі Владислав II Ягеллога (20 мамыр 1393 ж.) жазған хатының қолжазбасы, Польша халықтық республикасының Коне актілер бас мұрагаты (Archiwum Główne Akt Dawnych), № 5612.
- [21] Ibatov A. XIV ғасырданда хандар жарлықтарының тілі. – Алматы, 1990. – 144 б.
- [22] Бұл да сонда
- [23] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. s. 212.
- [24] Бұл да сонда
- [25] Гайнулина Н. Эпистолярное наследие Петра великого в истории русского литературного языка. Диссер... док. фил. наук. – Алматы, 1996. – 494 с.

#### REFERENCES

- [1] Usmanov M.A. Sostoyanie i perspektivy istochnikovedenya istorii Ulusa Djoshi // Istochnikovedenya istorii Ulusa Djoshi (Zolotoi Ordy) ot Kalki do Astrkhani 1223-1556. – Kazan, 2001. – 428 p.
- [2] Ibatov A. XIV gasyrdagy khandar zharlyqtarynyng tili. – Almaty, 1990. – 144 p.
- [3] Samoilovich A.N. K istorii sredneasiatskogo turezkogo yazyka. Sb. «Mir-Ali-Shir». – Leningrad, 1928.
- [4] Nadjib A.N. O srednevekovykh literaturnykh tradiziyakh i smeshannykh pismennymykh turkskikh yazykakh // «Sovetskaya Turkologiya», 1970. №1. – P. 86-97.
- [5] Zaionchkovskii A. K izucheniu srednevekovykh pamyztnikov turkskoi pismennosti (XIII-XV vv.) // «Voprosy yazykoznanija», 1967. №6. – P. 91-108.
- [6] Qazaq sovet enziklopediasy. – T. 12. – Almaty, 1978. – 598 p.
- [7] Abikenova G.T. Qazaq tilindegi epistolalarlyq stilding lingvistikalyq sipaty. – Semei, 2008. – 158 б.
- [8] 2012-2014 jj. Gylymi zertteulerdi granttyq qarjylandyrboiynsha 0354/GV «Jazba derekterindegi dalalyq diplomatyka korinisteri (XIII-XVIII gg.)» gylymi zertteu jobasynyng aqtyq esebi. – Almaty, 2014. Mem. tirkeu № 0112PK02682.
- [9] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [10] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940.
- [11] Toqtamystyng Polsha koroli Vladislav II Yagelloga (20 mamyr 1393) jazgan hatynynq qoljazbasy, Archiwum Główne Akt Dawnych, № 5612.
- [12] Алтын Орда ханы Темір Құтлықтың 1397 ж. суюргал құжаты. Қолжазба, Ресей мемлекеттік тарих мұражайы, инв. №118225.
- [13] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [14] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940.
- [15] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. [16] Бұл да сонда
- [17] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940.
- [18] Toqtamystyng Polsha koroli Vladislav II Yagelloga (20 mamyr 1393) jazgan hatynynq qoljazbasy, Archiwum Główne Akt Dawnych, № 5612.
- [19] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. – İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. – 212 б.
- [20] Toqtamystyng Polsha koroli Vladislav II Yagelloga (20 mamyr 1393) jazgan hatynynq qoljazbasy, Archiwum Główne Akt Dawnych, № 5612..
- [21] Ibatov A. XIV gasyrdagy khandar zharlyqtarynyng tili. – Almaty, 1990. – 144 p.
- [22] Ibatov A. XIV gasyrdagy khandar zharlyqtarynyng tili. – Almaty, 1990.

- [23] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940. s. 212.
- [24] Kurat A.N. Topkapı Sarayı Müzesi arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına ait yarlık ve bitikler. İstanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1940.
- [25] Gainullina N. Epistolyamye nasledie Petra velikogo v istorii russkogo literaturnogo yazyka. Disser... doctor. filol. nauk. – Almaty, 1996. – 494 p.

## **ЗОЛОТООРДЫНСКИЕ ХАНСКИЕ ПИСМЫ: ЭПИСТОЛЯРНЫЙ ЖАНР И ПРОБЛЕМЫ ЕГО ИЗУЧЕНИЯ**

**О. Туякбаев, О. Сапашев**

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, факультет востоковедения, кафедра ТЮРКСОЙ. Алматы, Казахстан.

**Ключевые слова:** эпистолярный жанр, ханские ярлыки, Золотая Орда, тюркский язык, лингвистика

**Аннотация:** В письмах золотоордынских ханов полностью сформирована структура начального, концевого протокола, традиции диспозиции сути письма. Тюркский язык служил официальным языком дипломатии. Основное содержание ханских ярлыков состоит из конкретных указаний, заявлений, требований и решений. В этих средневековых тюркоязычных актовых документах проявляются особенности эпистолярного языка.

В статье рассматриваются ханские письма в качестве эпистолярного наследия и стиля исходя из определения структуры ханских писем и ярлыков времен Золотой Орды: изложено в сравнительной точке зрения содержание эпистолярного стиля, объем тематики, особенности письменного языка документов.